

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1268 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 1999 жылғы 8 қыркүйек N 1332 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.31. N 1158 қаулысымен.

Мемлекеттік сатып алу жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1268 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 47, 422-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулықта:

1) 5-тармақтың алтыншы абзацындағы "осы Нұсқаулықтың 5-тармағын орындай отырып," деген сөздер алынып тасталсын;

2) 6 - т а р м а қ т а :  
ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"Тауарлардың" деген сөз "Мемлекеттік сатып алуды баға ұсыныстарын сұрауды пайдалана отырып өнім берушіні таңдап алу тәсілімен жүзеге асырған кезде тауарлардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"осы Нұсқаулықпен белгіленген (бір-, екі-, немесе бес)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

т ө р т і н ш і а б з а ц а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3) 9 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "мемлекеттік органдардың" деген сөздер "орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і а б з а ц т а :

"мен ұйымдары" деген сөздер алынып тасталсын;

"үшін" деген сөзден кейін "орталық және жергілікті" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

4) 11 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы ", Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің немесе оған ведомстволық бағыныстағы мекемелердің өкілдері", ", Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өкілдері" деген сөздер алынып тасталсын;

алтыншы абзацтағы "құрамын" деген сөзден кейін ", оның ішінде комиссия төрағасының орынбасары мен хатшыны" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Конкурстық комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, комиссия отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін жауап береді.

Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.";

6) мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тиісті бөлімшесінің маманы болып табылады. Конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде конкурстық комиссия хатшысының дауыс беруге құқығы жоқ.

Конкурстық комиссияның хатшысы ықтимал өнім берушілерге конкурстық құжаттаманы табыс етеді, ықтимал өнім берушілерді тіркеу журналын жүргізеді, ықтимал өнім берушілерден конкурстық өтінімдері бар конверттерді қабылдайды, конкурстық комиссияның отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және отырыс өткеннен кейін оның хаттамаларын ресімдейді.

Техникалық сарапшылар ықтимал өнім берушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулерді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі жөнінде сараптық қорытынды береді және конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде олардың дауыс беруге құқығы жоқ. Сараптық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.";

7) 13-тармақтың екінші абзацы "комиссия" деген сөзден кейін "мемлекеттік сатып алу туралы заңдарға және" деген сөздермен толықтырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 13-1 және 13-2-тармақтармен толықтырылсын:

"13-1. Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тиісті бөлімшесі конкурстық комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

13-2. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және оған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берген жағдайда қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Конкурстық комиссия мүшелері ерекше пікір білдіруге құқылы, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде баяндалады және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркелуі тиіс.";

9) 14-тармақтағы "Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес" деген сөздер " заңдарда белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 15-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: " Конкурстық құжаттама уәкілетті орган бекітетін үлгілік конкурстық құжаттама негізінде жасалады. ";

11) 19-тармақтағы "мемлекеттік және орыс тілдерінде, ал халықаралық конкурс өткізілген жағдайда" деген сөздер алынып тасталсын;

12) 22-тармақ алынып тасталсын;

13) 23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Конкурса қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттаманы конкурсты ұйымдастырушыдан 8-қосымшаға сәйкес нысандағы хабарландыруда көрсетілген орында және мерзімдерде алуы тиіс.";

14) 31-тармақтың бірінші абзацының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізгенін растайтын құжаттар;"

15) 32-тармақтағы "конкурстық құжаттама қай тілде жасалса, сол" деген сөздер "конкурстық құжаттамада көрсетілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 33-тармақта:

үшінші абзац алынып тасталсын;

төртінші абзацтағы "Шетелдік ықтимал" деген сөздер "Ықтимал" деген сөзбен ауыстырылсын;

17) 45-тармақтың бірінші абзацындағы "конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің" деген сөздер "конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 51-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

19) 54-тармақтың екінші абзацындағы "конкурса қатысатын барлық ықтимал өнім берушілерге" деген сөздер "қайтарылмаған конкурстық өтінімдерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 56-тармақтағы "0-ден 2 процентке дейін" деген сөздер "2 проценттен аспайтын мөлшерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 59-тармақтағы "0-ден 3 процентке дейін" деген сөздер "3 проценттен аспайтын мөлшерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 60-тармақтың бірінші абзацындағы "0-ден 10 процентке дейін" деген сөздер "10 проценттен аспайтын мөлшерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 64-тармақта:

"Конкурса қатысушы ықтимал" деген сөздер "Ықтимал" деген сөзбен ауыстырылсын;

"байланыс жасамауы" деген сөздер "келіссөз жүргізбеуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 67 - тармақта :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Конкурстық комиссия сондай-ақ барлық конкурстық өтінімдер қабылданбаған жағдайда, конкурсты өткізілмеген деп таниды (жариялайды)."; үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы абзацтар алынып тасталсын;

25) 68 - тармақта :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) конкурстық құжаттаманы алған ықтимал өнім берушілердің атауы мен орналасқан жері және конкурстық құжаттаманы алған уақыты;"

26) 70-тармақтың екінші абзацындағы "тапсырысшы" деген сөзден кейін "конкурс жеңімпазына" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 72 - тармақта :

"25" саны "3" санымен ауыстырылсын;

", келіспеушіліктер хаттамасын жасауға (егер ықтимал өнім беруші шарттың кейбір шарттарымен келіспесе) және оны тапсырысшыға қайтаруға" деген сөздер "немесе бар келіспеушіліктер туралы немесе шартқа қол қоюдан бас тартатыны туралы тапсырысшыны жазбаша хабардар етуге" деген сөздермен ауыстырылсын ;

28) 75-тармақтағы "жасалуы мүмкін" деген сөздер "жасалады" деген сөзбен ауыстырылсын ;

29) 76-тармақтағы ", келіспеушіліктер хаттамасын жасауға (егер ықтимал өнім беруші шарттың кейбір шарттарымен келіспесе) және оны тапсырысшыға қайтаруға" деген сөздер "немесе бар келіспеушіліктер туралы немесе шартқа қол қоюдан бас тартатыны туралы тапсырысшыны жазбаша хабардар етуге" деген сөздермен ауыстырылсын ;

30) 82-баптың 3) абзацындағы "қосымшаға" деген сөз қазақша мәтінінде дұрыс жазылған ;

31) 91-тармақтың 2) тармақшасындағы "болып табылатын" деген сөздер "кажет болғанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"94. Кез келген ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, түпкілікті конкурстық өтінімді ұсынбауға құқылы ." ;

33) 106-тармақтағы "Енгізудің" деген сөз "Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 114-тармақтағы "бастапқы баға белгіленуі мүмкін" деген сөздер "баға конкурстық құжаттамада көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 118-тармақтың екінші абзацының 1) тармақшасы "және де мұндай іс-әрекеттер белгіленген тәртіппен сот арқылы расталған жағдайда;" деген

сөздермен толықтырылсын;

36) көрсетілген Нұсқаулыққа 8-қосымшада:  
алтыншы абзацтағы "сатып алу" деген сөздер "алу" деген сөзбен  
ауыстырылсын;

жетінші абзац алынып тасталсын;  
37) көрсетілген Нұсқаулыққа 9-қосымшада:  
төртінші абзацтағы "әрбір конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің" деген  
сөздер "конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың" деген сөздермен  
ауыстырылсын.

2. Осы қаулының 1-тармағының 12)-тармақшасының күші осы қаулы күшіне  
енген күнге дейін өткізілетіні туралы хабарландырулар (құлақтандыру)  
жарияланған (жіберілген) конкурстарға қолданылмайды.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға  
жатады.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*